

<sup>1</sup>Шалабаева Л.И. , <sup>2</sup>Жидовинова А.В. , <sup>1</sup>Умирбекова А.Н., <sup>2</sup>Чернев В.

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>«Васил Левски» атындағы Ұлттық спорт академиясы, София қ., Болгария

## ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ АМАЛ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шалабаева Лаура Исмаилбековна, Жидовинова Анна Вячеславовна, Умирбекова Акерке Нурланбековна, Чернев Владимир

**Дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындаудағы инновациялық амал мүмкіндіктері**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада біз болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын кәсіби негізде дайындығына инновациялық амалды қолданудың мүмкіндіктеріне талдау жүргіздік. Қазіргі заманауи талаптарға сәйкес білім беру жүйесінің негізгі даму факторы – білімді ізгілендіру, ал оның басты бағыттарының бірі инновациялық білім беру болып табылады. Осы орайда зерттеу барысында болашақ дене мәдениеті және спорт саласы мамандарының дайындығында тиімді негізде қолданылатын педагогикалық және мазмұндық мәнін анықтаудың инновациялық бағыттарды ерекшелеп көрсеттік: дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын тәрбиелеу, олимпиадалық тәрбие беру. Педагогикалық технология тек оқыту құралдарын қолдану мүмкіндігі едістері мен ұйымдастыру формаларымен шектеліп қалмауы шарт екендігін, осы негізде инновациялық әрекетке даярлық, инновациялық амал мүмкіндіктеріне терең талдау жасадық. Ғалымдар еңбектерін талдау негізінде педагогикалық іс-әрекетке дайындық құрылымы келесідей көрсетілді: психологиялық дайындық педагогикалық іс-әрекетке теориялық дайындық, тәжірибелік дайындық, саяси, идеялық дайындық, болашақ маман мәдениеті мен дүниетанымының болуы, педагогикалық мүмкіндіктерінің керекті деңгейінің дамуы, болашақ маман тұлғасының кәсіби бағдарының болуы. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері болашақ мамандар арасында «Болашақ мамандардың жаңалықты қабылдау мүмкіндігі» атты сауалнама жүргізіп, оның ақпараттық материалдары талдау, саралау, кесте, сурет, диаграмма едістерімен сипатталып, төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді: жалпы зерттеу нәтижесінде педагогикалық инновацияларды қабылдау, инновациялық іс-әрекетті өз қызметіне, кәсіби әрекетіне ендіруге деген мотивациялық құндылығы орташа, елі де қызығушылығын арттыру қажеттілігі бар екенін көрсетті.

**Түйін сөздер:** дене тәрбиесі, кәсіби дайындық, инновациялар, инновациялық амал.

Shalabayeva Laura Ismailbekovna, Zhidovinova Anna Viacheslavovna, Umirbekova Akerke Nurlanbekovna, Chernev Vladimir

**The possibilities of an innovative approach to the training of specialists in physical culture and sports**

**Abstract.** In this article, we analyzed the possibilities of applying an innovative approach to training future physical culture and sports specialists on a professional basis. In accordance with modern requirements, the main factor in the development of the education system is the humanization of knowledge, and one of its main directions is innovative education. In this regard, in the course of the study, we identified innovative directions for determining the pedagogical and substantive essence, which are effectively used in the training of future specialists in the field of Physical Culture and Sports: Physical Education, healthy lifestyle education, Olympic education. On this basis, we conducted an in-depth analysis of the possibilities of innovative approaches, readiness for innovative activities, and the fact that pedagogical technology should not be limited only to the methods and forms of Organization of the possibility of using teaching tools. Based on the analysis of the works of scientists, the structure of readiness for pedagogical activity was shown as follows: psychological readiness theoretical readiness for pedagogical activity, practical readiness, political, ideological readiness, the presence of culture and worldview of the future specialist, the development of the necessary level of pedagogical capabilities, the presence of professional orientation of the future specialist's personality. The results of the empirical study conducted a survey among future specialists «opportunities for future specialists to perceive innovations», the information materials of which were characterized by the methods of analysis, differentiation, tables, drawings, diagrams, which allowed us to make the following conclusions: in general, the results of the study showed that the perception of pedagogical innovations, the implementation of innovative activities in their activities, professional activities have an average motivational value, but there is still a need to increase interest.

**Key words:** physical culture, professional training, innovation, innovative approach.

Шалабаева Лаура Исмаилбековна, Жидовинова Анна Вячеславовна, Умирбекова Акерке Нурланбековна, Чернев Владимир

### Возможности инновационного подхода к подготовке специалистов по физической культуре и спорту

**Аннотация.** В данной статье авторы провели анализ возможностей применения инновационного подхода к профессиональной подготовке будущих специалистов по физической культуре и спорту. В соответствии с современными требованиями основным фактором развития системы образования является гуманизация образования, а одним из главных ее направлений является инновационное образование. В этой связи в ходе исследования авторы выделили инновационные направления определения педагогического и содержательного значения, которые эффективно используются в подготовке будущих специалистов в области физической культуры и спорта: физическая культура, воспитание здорового образа жизни, олимпийское воспитание. В связи с тем, что педагогическая технология не должна ограничиваться только методами и организационными формами применения средств обучения, нами был проведен глубокий анализ возможностей подготовки к инновационной деятельности, инновационного подхода. На основе анализа трудов ученых была представлена структура подготовки к педагогической деятельности следующим образом: психологическая подготовка, теоретическая подготовка к педагогической деятельности, практическая подготовка, политическая, идейная подготовка, наличие культуры и мировоззрения будущего специалиста, развитие необходимого уровня педагогических возможностей, наличие профессиональной ориентации личности будущего специалиста. Результаты эмпирического исследования позволили провести анкетирование будущих специалистов на тему «Возможность восприятия новизны будущими специалистами», полученные данные были описаны методом анализа, таблицы, рисунка, диаграммы, что позволило сделать вывод: в целом результаты исследования показали, что восприятие педагогических новшеств, внедрение инновационной деятельности в свою деятельность, профессиональную деятельность имеют среднюю мотивационную ценность, но потребность в повышении интереса все же имеется.

**Ключевые слова:** физическая культура, профессиональная подготовка, инновации, инновационный подход.

**Кіріспе.** Заманауи өзгеріс қарқындылығы соңғы жылдары адам тұлғасын дамыту мәселесін алдыңғы қатарға шығарып, білім беру мен тәрбие жүйесінің өзекті мәніне айналдырған. Бұл тұста, білім беру тұтқасын, іргетасын қалаушы педагог тұлғасы, жалпы адами құндылықтар мен шығармашылық дербестіктің тасымалдаушысы ретінде аса маңызды орынға ие. Қоғамның қарқынды дамуы, ортада туындаған өзгерістер күрделілігі мен біртексіздігі маманның алдында бірқатар талаптарды орындау қажеттілігін, өзіндік өмірдегі құндылық бағдарларын анықтауды, педагогикалық іс-әрекеттегі дербестік және ізгілік ұстанымдарын іске асыруды талап етуде, ол болашақ маман дайындау мәселесіне күрделі өзгерістер ендіру қажеттілігін алға тартады.

Заманауи талаптарға сай педагог мамандар бүгінде дәстүрлі туындаған мәселелерді шешумен қатар, психологиялық-педагогикалық, талдау жасау, рефлексиялық, құрылымдық, болжамдық, іс-әрекетті ұйымдастырушылық, бағалаушылық, ақпараттық, түсетушілік, реттеушілік міндеттерді шешуге даяр болуы шарт. Оның мәні тұтас педагогикалық үдеріс іс-әрекетін толық негізде талдай алу қабілеті, туындаған қиындықтар себептерін іздестіру, қабылданған шешімдер нәтижесін болжай алу мүмкіндігі, педагогикалық үдерісті түсету, қажетті коммуникативті байланыстар құру, оларды шешу жолдарын қарастыру, негізгі күнделікті туын-

дайтын педагогикалық қызметтен жүйелі іс-әрекетке көшу, типтік білім беру технологияларын креативті, шағармашыл бастамалармен толықтыру, білім алушы тұлғасы жалпылама негізден жеке-тұлғалық бағдарға ауыстыру, яғни әрбір туындаған мәселеге, өзгеріске белсенді түрде әрекет ету, дұрыс бағыттағы субъект-субъектілі қарым-қатынас құру мүмкіндігінің болуы. Осы бағыттағы технология көптеген тұлғаның ішкі ресурстарын қозғап, тұлғалық негізде дамуына ынталандырады, тұлға өзіндік ішкі тетіктерін іске қосу арқылы педагогикалық әрекетте рөлдік ойындар, психологиялық-педагогикалық тренингтер, жаңа педагогикалық технологияларды қолдануды өз тәрбие жұмысына ендіреді.

Дене мәдениеті мен спорт құндылығын игеру жүйесіне теориялық тұжырымдар негіз болады, ол соңғы жылдары пайда болып, қолданыста тиімділігін көрсеткен инновациялық амалдарға бағыт бағдар береді.

Дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындаудың педагогикалық және мазмұндық мәнін анықтауға бірнеше инновациялық бағыттарды ерекшелеп көрсетуге болады.

- Дене тәрбиесі;
- Салауатты өмір салтын тәрбиелеу;
- Олимпиадалық тәрбие беру.

Бірінші бағыт бойынша, педагогикалық дайындық бағдарламасы бойынша тұлғаның

дене мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін алға тартады, ол өз кезегінде философиялық, мәдени амалды оқу үдерісін ұйымдастыруда қолдануды жөн деп есептейді.

Дәстүрлі негізде дене тәрбие үдерісі дене дамуы, дене дайындық, қатысушылардың қозғалыс дағдыларын, біліктерін қалыптастыру, яғни басты назар биологиялық ағза құрылымы мен қозғалыстық даму деңгейіне бөлінді. Дене мәдениеті дәстүрлі амалмен ғана шектелмеуі керек, оның мақсаты дене мәдениеті құндылығын мәдениетті игеру арқылы тұлға бойына сіңіру.

Екінші бағыт бойынша, бұл тәрбие негізі ақпараттық және тәжірибелік амалдардан тұрады, яғни дәстүрлі және дәстүрлі емес, денсаулық сақтау әдістері мен құралдарын игеру, ол дағдыны салауатты өмір салтына айдалдыру. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу үнемі адамның дене мәдениетін тәрбиелеуден, салауатты өмір салты дағдылары мен қажеттілігін қалыптастыру, сауықтыру жүйелерін тәжірибелік негізде игеру аса маңызды.

Үшінші бағыт бойынша, олимпиадалық тәрбие дене мәдениеті құндылығын түсінуден құралады, ол жалпы ұлттық құндылық, рухани және ізгілік әлеуетін арттырумен тығыз байланыста қалыптасатын тәрбие түрі. Тұлғаның физиологиялық және рухани дамуының үйлесімді түрде дамуының айқын көрінісі, осы бағыттың негізі бола алады.

Адам өмірінің студенттік шағы өзгеріске, ауыспалы кезеңдерге, өмірлік бағытын таңдау сынды маңызды белестерге толы кезең. Бұл уақытқа сай ағзаның қалыпты қалыптасуы, денсаулық әлеуетін арттыру мүмкіндігі, осы жас кезеңіндегі жинақтаған тәжірибе адамның өмірлік серігіне айналуы әбден мүмкін. Осы орайда жастар қалыптасу үдерісіне педагогтың бейжай қарауы, өзіндік денсаулығын алдыңғы қатарға шығармауы, болашақ өмір салтына әсер ету қаупі туындайды.

Осы негізде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының негізгі міндеті дене шынықтыру жаттығуларымен күнделікті жоспарға сай айналысу дағдысын түрлі әдістер мен құралдарды енгізіп қызықтыру ғана емес, сонымен қатар дене жаттығуларды өмір бойына қолдану мүмкіндігін қалыптастыру. Бұл ғалымдардың айтуынша, дене тәрбиесі үдерісіне студенттерді когнитивті құзыреттіліктермен қаруландыру, яғни студент санасын дені сау өмір салтына ауыстыру [1].

Бұл мәселе шешімі жағары сападағы студентке бағдарланған дене тәрбиесі бағдарламаларын

құру, бағдарлама студенттер бойында дене жаттығуларына қызығушылықты оятып, танымдық мүмкіндіктерін қалыптастырып, жастардың осы үдерісті жоспарлы негізде құруға, ұйымдастыруға тарту. Бұл бағдарламалар негізінде студент тек қана қатысушы емес, оқыту үдерісінің орталық ұйымдастырушысына айналады. Студент тұлғасына бағдарланған, студент қажеттілігін ескеріп құрылған ортада білім алушы студент, көптеген зерттеушілердің ойынша, өзіндік дербестіктің негізгі психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алады [2].

Бұл негізде құрылған орта студенттерге таңдау жасауға, қозғалыс дағдысын қалыптастыруға қатысты тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қозғалыс дағдысын құру тапсырмаларын беретін оқытушы әрекетіне де көп байланыс бар, себебі білім алушы мүмкіндіктерін ескеру, жас ерекшелігін ескеру, уақытымен іс-әрекетіне қажетті түзетулер ендіру қажеттігі маңызды. Оқытушы өзге білім алушылармен жұмыс барысында қарым-қатынасқа түсу арқылы коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік алады, сондай-ақ осы формадағы жұмыс кезінде студенттердің ойлау мүмкіндіктері кеңейіп, рефлексиялық әрекетке мүмкіндіктері артады. Зерттеушілер пікірінше, бұл тек теориялық білімді игеріп қана қоймай, білім алушылар бойында қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырып, топтық әрекетке дағдыландырып, ұжымдық сананы дамытып, өзіндік өмір қажеттілігін арттырып болашақ дене жаттығуына деген тұрақты ынтасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы оқыту үдерісінде білім сапасын жаңа деңгейге көтеру қажеттілігі, білім беру технологиясын ендіру, инновациялық әрекетке бет бұру керектігін үдеріске ендірді. Педагогикалық технологиясы дегеніміз – бұл жоспарлаудың жүйелі әдісі, адам және техника қорын ескеру арқылы білім беру үдерісін бағалау және жоспарлау, сонымен қатар оқыту үдерісінде осы әрекеттер өзара әрекеттестігін ескеріп тиімді оқыту формасын құру.

Педагогикалық технология тек оқыту құралдарын қолдану мүмкіндігі әдістері мен ұйымдастыру формаларымен шектеліп қалмауы шарт, ол тұлға дамуы, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру жолдарын, инновациялық әдістерді қолдану, оқытуды техникалық және оқу материалдарымен қамту мүмкіндігіне бағытталуы маңызды [3].

Көптеген ғалымдар пікірінше, дене мәдениеті және спорт болашақ мамандарына субъек-

тілік амалдың маңызы зор, мысалы Н.Е. Ветков дене шынықтыруға қатысты өзіндік тәрбие маңызын атап өткен, тұлға үшін дербес даму жолын құру аса маңызды, өзін өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзіндік іс-әрекетіне талдау жасай алу дене шынықтыру үдерісінің тәжірибелік маңызын арттырады, яғни жоспарлы түрде өзіндік іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [4].

Өзіндік тәрбие үдерісінің осы тұста бір артықшылығына тоқталып өткен жөн, бұл үдеріс кезінде тұлға бойында болашақ кәсібіне қажетті дағдылар мен сапалар қалыптасады, сондай-ақ тұлға өз даму аясын, физиологиялық әлеуетін дұрыс қалыпты түрде бағалау негізінде нәтижеге бағытталған бірқатар міндеттерді орындау мүмкіндігіне ие болады [5]. Заманауи сұраныстар талабына сай дене тәрбиесінің дербес түрде ұйымдастыру тиімділігі артуда, оның барысында тұлға өзіндік сауықтыру жолын, бағытын, жоспарын уақыт мүмкіндіктеріне сай құруына болады. Сондай-ақ өз дене мүмкіндігінің алғашқы көрсеткіштері, болашақ даму траекториясына бағыт ретінде де қолдана алады [6].

**Әдістер мен материалдар.** Мақала жазу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізілді, сонымен қатар дене мәдениеті және спорт саласының әдістемелік мүмкіндігін арттыру еңбектері талданды. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындау мәселелері негізгі ғылыми-әдістемелік әдебиеттер негізінде мүмкіндіктері мен даму деңгейі анықталды. Зерттеу кезінде жалпы дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау кезінде инновациялық әрекет үш негізгі бағытта іске асырылатыны: дене тәрбиесі; салауатты өмір салтын тәрбиелеу; олимпиадалық тәрбие беру, осы үш бағыт арқылы тұлға бойында өзіндік тәрбие қалыптастырудың тиімділігін көрсетуші сипаттамалар берілді. Болашақ мамандардың дайындығында инновациялық амалды қолдану кезінде инновациялық әрекетке даярлық, жаңалыққа деген көзқарас, инновациялық технологияны болашақ тәжірибесіне ендіру ынтасы, инновациялық технологияны білуге қызығушылық аясында кішігірім зерттеу жүргізіліп, нәтижелері, талдау, саралау, кесте, сурет және диаграмма түрінде сипатталып, зерттеу нәтижесі қорытындыланды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Арнайы әдебиеттерде даярлық және дайындық ұғымдарына ғылыми талдау көптеп кездеседі. Дайындау дегеніміз – белгілі бір іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру, құру, белгілі бір іс-әрекет ба-

ғытына сай құндылықтың болуы, бағдар тетіктерін құру, бейімделу, қарым-қатынасқа түсуге ұмтылу. Болашақ маманды дайындау үдерісін зерттеушілердің басым бөлігі, дайындықты педагогикалық үдеріс аясында қарастырып, жүйе негізінде білім беру мен тәрбие мақсатын іске асырушы үдеріс, онда тәрбиеленуші мен тәрбиелеушінің өзара әрекеттестігі ұйымдастырылады деп анықтаған.

Авторлар көп жағдайда дайындық ұғымын дифференциацияға ұшыратады, дайындықты үдеріс ретінде қарастырса, ал даярлықты осы үдеріс нәтижесі деп көреді.

Даярлық түрлерін төмендегі ретпен бөлуге болады: психологиялық, ғылыми-теориялық, психофизиологиялық (М.А. Виленский, Р.С. Сафин, Ю.И. Васильев, Б.Ф. Райский); уақытты және жағдайға байланысты даярлық (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович); жалпы және арнайы (Б.Г. Ананьев). Сонымен қатар осы тұста психологиялық-педагогикалық еңбектерде болашақ маманның дайындық мәселесі түрлі жоғары мектеп аспектісінде қарастырылған, теориялық негіздегі болашақ маман дайындығы мына ғалымдар еңбектерінде мейлінше кең қарастырылған (А.И. Щербакова, Н.В. Кузмина, В.А. Слостенин, Ю.Н. Кулютина, К.М. Дурай-Новакова және т.б.).

К.М. Дурай-Новакова кәсіби дайындықты тұлғаның білім, білік, дағды, қасиеттері мен интеграциялық сапасы ретінде көреді. Оның пікірінше кәсіби дайындық мазмұны жоғары негіздегі рөлді, әлеуметтік жауапкершілікті сезіну, әлеуметтік міндеттерді белсенді түрде орындау тұлға сапасы, білімі, білігін іске асыруға ұмтылысы мен ұстанымының болуы [7].

С.С. Витвицкая өз зерттеуінде болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындық ретінде маманның мотивациялық және саналы әрекеттерін көрген, ол әрекеттер педагогикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен қызығушылықтарына бағытталуы керек. Ғалым педагогикалық іс-әрекетке дайындық құрылымын келесі негізде көрсеткен [8]:

– психологиялық дайындық (педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттілік, іс-әрекет талаптарын іштей қабылдау, іс-әрекет талаптарына өз тұлғалық сапалар сәйкестігін саналы түрде сезіну, бұл мамандықтағы жеке ұмтылыс мотивациясын сезіну, болашақ кәсібіне рухани адамгершілік негізде дайын болу);

– педагогикалық іс-әрекетке теориялық дайындық (ғылым негізінің терең білімі болуы, белгілі даму деңгейінің болуы, білімді үнемі толықтыру әдістерін және білімдерін игеру);

– тәжірибелік дайындық (болашақ тәрбиеленушілермен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жоспарлай алу, алған білімін тәжірибеде қолдана алу білігі, тәжірибедегі білігі мен дағдысы, жаңа білім, білік, дағдыны қалыптастыра алу білігі);

– саяси, идеялық дайындық, болашақ маман мәдениеті мен дүниетанымының болуы;

– педагогикалық мүмкіндіктерінің керекті деңгейінің дамуы (педагогикалық бақылау, педагогикалық қиял, талап қоя алу, педагогикалық такт, ұйымдастырушылық қабілеті);

– болашақ маман тұлғасының кәсіби бағдарының болуы.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық құрылымы: мотивациялық, когнитивті, үдерістік. Педагогикалық іс-әрекетке дайындық болашақ маман өз кәсіби бағытында қызметін кәсіби, шығармашыл және саналы маман ретінде атқаруы үшін бойына төмендегілер аса қажет: қарым-қатынас, ұстаным, кәсібилік, тұлға қасиеттері мен сапалары.

Біз өз зерттеуімізде инновациялық іс-әрекетке дайындықты қалыптастыруда – іс-әрекет маңызды деп танымыз. Ол дегеніміз болашақ маман кәсіби дайындығы іс-әрекет негізінде дамиды, ол кәсіби іс-әрекетінде көптеген міндеттерді жүйелі түрде шешу арқылы қалыптасады.

Болашақ маманның инновациялық әрекетке дайындығын анықтаушы белгі осы іс-әрекет сипаты мен ұйымдастырылу түрі, оның барысында қолданған әдістемесі. Сәйкесінше, дайындық компоненттерінің мазмұны инновациялық педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерімен анықталады.

Білім берудегі заманауи жағдайды талдау негізінде келесідей қорытынды жасай аламыз: болашақ маманның инновациялық әрекетке дайындығын зерттеу өте күрделі, көп аспектілі, көп деңгейлі зерттеуді қажет ететін мәселе. Бұл зерттеу аясында тек әдістемелік диагностикалық

аппараттың бірімен бөлісеміз, негізгі эмпирикалық ақпаратты жинақтау төмендегі әдістер арқылы жүргізілген: сауалнама, әңгімелесу, аралас сауалнама, тест әдісі, табиғи және қалыптастыру эксперименті. Бұл зерттеу барысында біз сауалнама нәтижесімен бөлісеміз.

Жоғарыда атап өткеніміздей инновациялық әрекетке дайындық бұл тұлғаның дербес күйі, ол өзіндік дербес компоненттерден тұрады: мотивациялық, құндылық, когнитивті, креативті және іс-әрекеттік. Бұл тұста біз мотивациялық компонент бойынша инновациялық әрекетке дайындығын екі бағытта тексереміз, бірінші бағыт бойынша болашақ маманды өзгерістерге көзқарасын анықтау, екінші бағыт жалпы тұлға митивтерінің ішіндегі кәсіби мотивтің деңгейі.

Сауалнама «Болашақ мамандардың жаңалықты қабылдау мүмкіндігі». Сауалнама барысында болашақ мамандар төмендегі сұрақтарға жауап берді:

– Сіз үнемі педагогикалық тәжірибенің жаңалықтарын бақылап отырасыз ба, оны өз тәжірибеңізге қоғамның білім беру қажеттіліктерін ескеріп ендіруге тырысасыз ба, сіздің педагогикалық стиліңізде қаншалықты деңгейде дербестік байқалады?

– Сіз өзіндік білім алу үдерісін үнемі жүргізесіз бе;

– Сіз педагогикалық іс-әрекетіңізде белгілі педагогикалық идеяларды ұстанасыз ба?

– Сіз ғылыми кеңесшілеріңізбен қаншалықты деңгейде байланыс орнатасыз?

– Сіз өз болашақ кәсібіңізде өсу көресіз бе, оны өзіндік жоспарлайсыз ба?

– Сізді жаңалыққа ашық адам деп айтуға бола ма?

Біздің зерттеуімізден алған нәтижесіне қарай, болашақ мамандардың басым көпшілігі өз кәсібінде инновациялық әдістерді қолдану жоспарларында бар екендігін көрсеткен.

1-кесте – Инновациялық әдістер мен формаларға болашақ мамандардың қатынасы

Қатысушылар	Инновациялық әдістер мен формаларды өз жұмысымда қолданамын			Дәстүрлі түрдегі форма мен әдістерді таңдар едім
	Үнемі	Кей жағдайларда	Жауап беруге қиналамын	
	36%	40%	24%	

Болашақ мамандар өз қызметінде төмендегі инновацияларды қолданады:

## 2-кесте – Инновациялық әдістер мен формаларға болашақ мамандардың қатынасы

Қатысушылар	Инновациялар			
	Оқыту технологиясында	Оқыту құралдарында	Оқыту мазмұнында	Іс-әрекетті ұйымдастыруда
	35%	35%	12%	6%

Зерттеу барысында алынған нәтижелерден біз қатысушылардың 56% инновациялық әдістермен жұмыс жасауды жоспарлаған болса, 44% дәстүрлі технологияларды қолдануды дұрыс деп есептеп, сол бағытта басымдық танытқанды жөн деп санайды.


Болашақ мамандар өз таңдауларын келесі түрде түсіндіреді: Инновациялық әдістерге қарағанда дәстүрлі технологиялардың артықшылығы:

– технология мамандардың тәжірибесімен тексерілген;

– дәстүрлі технологиясы бойынша оқу-әдістемелік құралдар жеткілікті;

– дәстүрлі технология нәтижелерін күнделікті жұмыс барысында көріп жүрген мамандар;  
– жауап беруге қиналамын.

Осы негізде біз болашақ мамандардың өз кәсібінде инновацияны қолдануға кедергілердің бар екендігін көрсетті, яғни психологиялық негізде талдау жасайтын болсақ бұл кедергілер жаңалыққа қарсылық, өзіндік үйреншікті өмір тәртібін жоғалтқысы келмеушілік. Ол болашақ маман жеке тұлғасына қатысты болуы мүмкін, сонымен қатар қызмет етуші, білім алушы ортасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты болуы мүмкін. Егер бұл ерекшеліктерді жүйелі негізде көрсететін болсақ:



1-сурет – Өз кәсіби үдерісіне инновацияны ендіру кедергілерінің сипаттамасы

Сонымен қатар зерттеу барысында сауалнама кезінде мамандардың кедергілердің маңыздылық деңгейін анықтауға мүмкіндік алдық: басты, орташа және төмен. Болашақ мамандардың басым көпшілігі кәсіби кедергілерді көрсеткен (59%), содан соң психологиялық кедергілер (30%), ең соңғы әлеуметтік кедергілер (11%).


Болашақ маманның инноваторлық сапасының қалыптасуына әсер етуші кедергілер төмендегідей:

– Кәсіби (педагогикалық): өз еңбегінің жоғары нәтижелі болуына ұмтылысының болмауы; өзара әрекеттестік шығармашылыққа дайын болмауы, өз саласындағы жаңа идеяларға қызығушылықтың болмауы, жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды ендіруге қызығушылықтың болмауы.

– Психологиялық: өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысының болмауы, өз іс-әрекетіне өзіндік рефлексиялық әрекеттің болмауы, педагогикалық инновацияларға қызығушылықтың болмауы.

– Әлеуметтік: жалақының төмендігі, білім беру жүйесіне қоғам сұранысының төмендігі, кәсіби деңгейде өсу мүмкіндігінің болмауы.

– Зерттеу кезінде болашақ мамандар арасында инновациялық технологиялармен жұмыс жасауды жоспарлағандар саны аз екенін байқадық (20%), кейбір білім алушылар инновациялық педагогикалық технологиялардың ұстанымын, мақсатын, қолдану аясын, артықшылықтары мен кемшіліктерін, ерекшеліктерін айтуға қиналатындығын байқатты (30%).



2-сурет – Өз кәсіби үдерісіне инновацияны ендіру кедергілерінің пайыздық көрсеткіші

Зерттеу барысында оқу-тәрбие үдерісіне инновацияны ендіру кезінде болашақ мамандар өз алдына төмендегідей міндеттемелер қоятынын байқадық:

- өзгелер ұсынған идеяны тексеру (70%);
- өз идеяларын іске асыру (17%);
- жауап беруге қиналатындар (13%).

Жалпы зерттеу нәтижесінде педагогикалық инновацияларды қабылдау, инновациялық іс-әрекетті өз қызметіне, кәсіби әрекетіне ендіруге деген мотивациялық құндылығы орташа, әлі де қызығушылығын арттыру қажеттілігі бар екенін көрсетті.

**Қорытынды.** Болашақ дене мәдениеті және спорт саласының мамандарын дайындау мүмкіндіктерін қарастыру болашақ маман дайындау үдерісінің тиімділігін арттыруда зор мәнге ие. Дайындық ұғымының теориялық талдауының нәтижесінде, оның құрылымын, мәнін, тұжырымдамалық негіздерін көрсетіп

жалпы инновациялық амалды қолдану тиімділігін, өзектілігін айқындауға мүмкіндік алдық. Жалпы дайындық ұғымын ғалымдар еңбектерінде қарастыра келе, қысқаша мына негізде қорытындылауға болады: дайындық бұл – жеке тұлғалық күй, оның негізінде субъект бойынан әрекет ету құрылымының үлгісінің бар болуы, сондай-ақ саналы негізде оны дамыту, жетілдіру, өзіндік бір үнемі басқарылатын сапаға айналдыру қабілетінің қалыптасуы.

Жалпы барлық мамандықтар бойынша, заманауи талап өзгерісіне төтеп беру негізінде әрбір болашақ маманның инновациялық әрекет етуге даярлығы өзекті, осы тұста оқыту үдерісінде инновациялық амал мүмкіндіктерін қолдану тиімділігі артады. Болашақ маман дайындығында инновацияға дайындық негізгі компоненттерден тұрады: мотивациялық, құндылық, үдерістік, рефлексиялық, біз бұл зерттеу кезінде мотивациялық компонент мазмұнына сипаттама

беріп, оның болашақ маман бойындағы деңгейі мен қызығушылық аясын анықтауға мүмкіндік алдық. Зерттеу нәтижесінде мотивациялық компонент инновациялық іс-әрекетте болашақ маман тұлғасының бағыттылығы мен кәсіби негіздегі

дайындығы, педагогикалық шынайылықтың түрлі формаларын, әдістерін, құралдарын жаңа қырынан көру, жаңалықты қабылдау деңгейінің жоғары болуы, инновациялық іс-әрекетте жетістікке жету ынтасының жоғары болуы.

#### Әдебиеттер

- 1 Барчуков И.С. Физическая культура и спорт: методология, теория, практика / Игорь Сергеевич Барчуков, Авенир Александрович Нестеров. – Москва: Академия, 2006. – 528 с.
- 2 Бондарев В.Г. Проблемы организации образовательного процесса по физической культуре и спорту будущих сотрудников системы правосудия / Н.С. Панчук, Е.П. Цыплакова // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. – 2019. – № 1 (167). – С. 43–46.
- 3 Чернова Т.С., Медведева О.А. и Алексаньянц Г.Д. Физиологические особенности и качественные характеристики функциональной подготовленности спортсменов, специализирующихся в легкоатлетическом многоборье, заинтересованных в реализации конкретных видов двигательных навыков // Физическое воспитание и спортивная подготовка. – 2020. – № 1 (31). – С. 100-106.
- 4 Ветков Н.Е. Здоровье человека как ценность и его определяющие факторы // Наука-2020. – 2016. – №5 (11). – С. 126-142. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zdorovie-cheloveka-kak-tsennost-i-ego-opredelyayushchie-factory> (дата обращения: 12.07.2022).
- 5 Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 480 с.
- 6 Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. Введение в предмет: Учебник для высших специальных физкультурных учебных заведений. – 3-е изд. – СПб.: Издательство «Лань», 2003. – 160 с.
- 7 Дурай-Новакова К.М. Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: автореф. дисс. ... д. п. н. – Москва, 1983. – 46 с.
- 8 Витвицкая С.С. Структура и критерии готовности магистров образования к педагогической деятельности // Вектор науки Тольяттинского Государственного Университета: Серия: Педагогика, психология. – № 2 (13). – 2013. – С. 59-63.

#### References

- 1 Barchukov I.S. Fizicheskaya kul'tura i sport: metodologiya, teoriya, praktika / Igor' Sergeevich Barchukov, Avenir Aleksandrovich Nesterov. – Moskva: Akademiya, 2006. – 528 s.
- 2 Bondarev V.G. Problemy organizatsii obrazovatel'nogo processa po fizicheskoy kul'ture i sportu budushchih sotrudnikov sistemy pravosudiya / N.S. Panchuk, E.P. Cyplakova // Uchenye zapiski universiteta im. P.F. Lesgafta. – 2019. – № 1 (167). – S. 43–46.
- 3 Chernova T.S., Medvedeva O.A. i Aleksan'yanc G.D. Fiziologicheskie osobennosti i kachestvennyye harakteristiki funkcional'noj podgotovlennosti sportsmenov, specializiruyushchihsvya v legkoatleticheskom mnogobor'e, zainteresovannyh v realizatsii konkretnyh vidov dvigatel'nyh navykov // Fizicheskoe vospitanie i sportivnaya podgotovka, - 2020, - № 1 (31), - S. 100-106.
- 4 Vetkov N.E. Zdorov'e cheloveka kak cennost' i ego opredelyayushchie factory // Nauka-2020. - 2016. - №5 (11). - S. 126-142. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zdorovie-cheloveka-kak-tsennost-i-ego-opredelyayushchie-factory> (data obrashcheniya: 12.07.2022).
- 5 Holodov ZH.K. Teoriya i metodika fizicheskogo vospitaniya i sporta : ucheb. posobie dlya stud. vyssh. ucheb. zavedenij / ZH. K. Holodov, V. S. Kuznecov. - M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2000. - 480 s.
- 6 Matveev L.P. Teoriya i metodika fizicheskoy kul'tury. Vvedenie v predmet / Uchebnik dlya vysshih special'nyh fizkul'turnyh uchebnyh zavedenij. - 3-e izd. - SPb.: Izdatel'stvo «Lan'», 2003. - 160 s.
- 7 Duraj-Novakova K.M. Formirovanie professional'noj gotovnosti studentov k pedagogicheskoy deyatel'nosti: avtoref. diss. ... d. p. n. – Moskva.: 1983. – 46 s.
- 8 Vitvickaya S.S. Struktura i kriterii gotovnosti magistrrov obrazovaniya k pedagogicheskoy deyatel'nosti // Vektor nauki Tol'yattinskogo Gosudarstvennogo Universiteta: Seriya: Pedagogika, psihologiya. – № 2 (13). – 2013. – S. 59-63.

#### Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)

Шалабаева Лаура Исмаилбековна  
– Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
постдокторанты, Алматы қ.,  
Қазақстан  
e-mail: lolabany84@mail.ru  
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2231-7888>

#### Автор для корреспонденции (первый автор)

Шалабаева Лаура Исмаилбековна  
– постдокторант Казахского  
национального педагогического  
университета имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан  
e-mail: lolabany84@mail.ru  
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2231-7888>

#### The Author for Correspondence (The First Author)

Shalabayeva Laura Ismailbekovna –  
PostDoc of the Abai Kazakh National  
Pedagogical University, Almaty,  
Kazakhstan  
e-mail: lolabany84@mail.ru  
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2231-7888>